


«ЖЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және  
қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігімен  
Төраға (Төраға орынбасары)




*Сар Байсенов М.Б.*  
2010 ж. «11» тамызда

**«БТА Банкі»  
Акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

«БЕКІТІЛДІ»  
«БТА Банкі» АҚ  
Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының  
2010 жылғы «22» маусым  
Хаттама № 56

Қазақстан Республикасы  
Алматы қ.



## **1-бап.**

### **Жалпы ережелер**

1.1. «БТА Банкі» Акционерлік қоғамының (әрі қарай – Банк) осы Жарғысы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына (әрі қарай – АҚ туралы Заң), Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызметтер туралы» заңына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

## **2-бап.**

**Атқарушы органның (Басқарманың) атауы, орналасқан жері және Банк қызметінің мерзімі.**

2.1. Банктің толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «БТА Банкі» акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество «БТА Банк»;
- ағылшын тілінде: Joint Stock Company «BTA Bank».

Банктің қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: «БТА Банкі» АҚ;
- орыс тілде: АО «БТА Банк»;
- ағылшын тілде: «BTA Bank» JSC.

2.2. Банктің атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Самал-2» ықшам ауданы, Жолдасбеков к-сі, 97.

2.3. Банктің филиалдары және өкілдіктері бар.

2.4. Банктің қызметі шектеусіз.

## **3-бап.**

### **Банктің заңды мәртебесі**

3.1. Банк заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы (әрі қарай – Жарғы) және Банктің ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырады.

3.2. Банктің ұйымдастыру-құқықтық нысаны: акционерлік қоғам.

3.3. Банк мемлекеттің және Банк акционерлерінің міндеттемелеріне жауап бермейді. Мемлекет Банктің және оның акционерлерінің міндеттемелеріне жауапты емес. Банк өзінің міндеттемелері бойынша оған тиесілі мүлік шегінде жауапкершілік көтереді.

3.4. Банктің окшауланған мүлігі, дербес балансы бар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкте корреспонденттік шоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде өзінің атауы көрсетілген мөрі, сонымен қатар тиісті заңды тәртіпте бекітілген өзінің тауарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі) бар; өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік құқықтарды және міндеттерді сатып алады және жүзеге асырады; сот органдарында және аралық сотта талапкер және жауапкер ретінде әрекет етеді, сонымен қатар

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асырады.

3.5. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестілік негізде жүзеге асырылады.

3.6. Банктің өтініші бойынша уәкілетті орган, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген бұқаралық компаниялардың критерийлеріне сәйкес болған жағдайда, Банк бұқаралық компания деп танылуы мүмкін. Банк заңнама талаптарын бұзған және Банктің Қазақстан Республикасының бұқаралық компаниялар үшін бекітілген критерийлеріне сәйкес болмаған жағдайда, өзінің бұқаралық компания мәртебесін жоғалтады.

#### **4-бап.**

##### **Банк қызметінің мақсаттары және мәні**

4.1. Банк қызметінің негізгі мақсаттары:

- Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы қалыптастыруға және одан әрі дамытуға ықпал ету;
- Экономиканың әртүрлі салаларын және секторларын және әлеуметтік салаларды көтеруге және дамытуға ықпал ететін қаржы қызметін жүзеге асыру;
- Кірістер алу және оларды акционерлердің мүдделері үшін пайдалану;
- Қазақстан Республикасының халықаралық стандарттарына және заңнамасына сәйкес банктік қызмет спектрлерін жүзеге асыру және кеңейту.

4.2. Аталмыш мақсаттарға қол жеткізу үшін Банк Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті органның (әрі қарай - уәкілетті орган) лицензиясына сәйкес банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырады.

4.3. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген тәртіпте және шарттарда Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

#### **5-бап**

##### **Банктің Жарғылық капиталы және мүлігі**

5.1. Банктің Жарғылық капиталы құрылтайшылармен (дара құрылтайшымен) акцияларды оның номиналды құны бойынша төлеу арқылы және инвесторлармен АҚ туралы заңмен бекітілген талаптарға сәйкес орнықтыру бағасы бойынша қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық теңгесінде есептеледі.

5.2. Банк Акциялары, келесі жағдайларда акцияларды орнықтырудан басқа, орнықтыру кезінде ақшалай төленеді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда Банкпен қайта құрылымдауды жүргізу кезінде, Банктің тиісті кредитор алдындағы ақшалай міндеттемесі бойынша кез келген құқықтарды (талаптарды) есепке алу арқылы төленетін Банктің кредиторлары арасында;

2) Банктің жәй акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығарылымы проспектісі негізінде бағалы қағаздарды Банктің жәй акцияларына айырбастау кезінде.

5.3. Банктің жарғылық капиталының мөлшерін қалыптастыру және өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіпте жүзеге асырылады.

5.4. Банк мүлігі, оның филиалдарымен және өкілдіктерімен құрылатын мүлікті қоса алғанда, меншік құқығы бойынша оған тиесілі болып табылады және келесілер есебінен құрылады:

- Жарғылық капиталын қалыптастыру кезінде Банкпен алынған ақша;

- Банк қызметінен алынған кірістер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша сатып алынған өзге мүліктер және мүліктік құқықтар.

#### **6-бап.**

#### **Банктің кірістері. Банктің сақтық капиталы және өзге қорлары**

6.1. Банкпен оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер, салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін, Банктің меншігінде қалады және сақтық капиталын, сондай-ақ, Банктің басқа қорларын толықтыру, акциялар бойынша дивидендтер төлеу үшін қолданылады, сонымен қатар Банкті дамытуға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға жұмсалады.

6.2. Банк қалыптастырады:

- Сақтақ капитал;
- Банктің тиімді қызметіне қажетті басқа мақсатты және арнайы қорлар.

6.3. Сақтық капитал банктік қызметті жүзеге асырумен байланысты шығыстарды өтеу мақсатында уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген тәртіпте және ең төменгі мөлшерден төмен емес мөлшерде қалыптастырылады.

6.4. Сақтық капиталын қалыптастыру Банктің таза кірісі есебінен жәй акциялар бойынша дивидендтер төлегенге дейін жүзеге асырылады.

6.5. Сақтық капиталының және сақтық капиталын қалыптастыру бойынша жыл сайынғы аударымдардың мөлшері Банктің жылдық Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады.

#### **7-бап.**

#### **Банктің акциялары және басқа бағалы қағаздары**

7.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте жәй немесе жәй және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы.

7.2. Банк айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары және тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде көрсетіледі.

Акцияларға айырбасталатын Банктің бағалы қағаздарын шығару Банктің жарияланған және орнықтырылған акциялар арасындағы айырмашылық шегінде жол беріледі.

7.3. Банк шығару, орналастыру, айналымға түсу және өтеу шарттары және тәртібі бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін басқа бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

7.4. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

7.5. Акция бөлінбейді. Егер акция жалпы меншік құқығында бірнеше тұлғаларға тиесілі болса, онда олардың барлығы бір акционер деп танылады және өздерінің жалпы өкілі арқылы акциялармен куәландырылған құқықтарды иеленеді.

7.6. Қоғамның жәй акциясы акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешуде дауыс беру құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алу құқығын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамды таратқан жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Артықшылықты акция акционерге келесі жағдайлардан басқа, Банкті бақсаруға қатысу құқығын бермейді:

1) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі артықшылық акцияларға ие акционердің құқықтарын шектейтін мәселені қарастырса. Осы мәселе бойынша шешім шектеуге жалпы орнықтырылған артықшылық (сатып алынған акцияларды шегергенде) акциялардың мөлшерінің үштен екі бөлігі дауыс берген жағдайда, қабылданған болып саналады;

2) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті қайта құру немесе тарату туралы мәселені қарастырса;

3) артықшылықты акциялар бойынша дивиденд оны төлеу мерзімі аяқталған күннен бастап үш айдың ішінде толық төленбесе. Акционер-артықшылықты акциялардың меншік иесінің Банктің басқарылуына қатысу құқығы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивидендті толық мөлшерде төлеген күннен бастап тоқтайды.

Акционерлер – артықшылықты акциялардың меншік иелері акционерлер-жәй акция иелерінің алдында осы Жарғымен белгіленген алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивидендтер алудың және Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте Банкті таратқан кезде мүлік бөлігін алудың артықшылықты құқығына ие.

7.7. Банк акциялары бойынша дивидендтер, артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтерден басқа, дивидендтерді төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында осы Жарғының 10.5 тармағына сәйкес Банктің дауыс беретін акцияларының білікті көпшілігімен қабылданған жағдайда, ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу, заңнамамен және осы Жарғымен қарастырылған жағдайлардан басқа, Банк органының шешімін талап етпейді.

Банк акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеу мұндай төлем Банктің жарияланған акциялармен және акционердің келісімі берілгенде олармен шығарылған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда ғана жол беріледі.

Дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу күнінен бұрын құрастырылуы қажет.

Төленбеген дивидендтермен акцияларды шеттету, акцияларды шеттету туралы шартпен өзгесі қарастырылмаған жағдайда, акциялардың жаңа иелерімен оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

7.8. Тоқсан немесе жарты жылдық қорытынды бойынша Банктің жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Акционерлердің Жалпы жиналысының тоқсан немесе жарты жылдық қорытынды бойынша Банктің жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жәй акцияға есептелген дивиденд мөлшері көрсетіледі.

Жылдық қорытынды бойынша Банктің жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы Банктің жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жәй акциялар бойынша дивидендтер төлеу артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін жүзеге асырылмайды.

Банктің бір артықшылықты акцияға есептелген дивидендтің кепілді мөлшері – дивидендтер төлеу мерзіміне дейін (дивидендтерді тоқсан сайын төлеу фактісін ескеріп) соңғы тоқсандық қаржы есептілігі бойынша акциялардың баланстық құнының жылдық 11% мөлшерінде белгіленеді.

Банк акционерге АҚ туралы заңмен бекітілген тәртіпте және мерзімде дивидендтер төлеу туралы хабарлайды.

7.9. Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы жүргізіледі. Төлем агентінің қызметтерін төлеу Банк есебінен жүзеге асырылады.

7.10. Банктің жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу кезектілігі шығарылым проспектісімен және/немесе осы Жарғымен анықталады.

Артықшылық акциялар бойынша дивидендтер төлеу кезектілігі - тоқсан сайын.

7.11. Банктің жәй акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мәліметтерді қамтуы тиіс. Осыған байланысты Банк бұқаралық компания ретінде танылған жағдайда, осы шешім корпоративтік интернет сайтта жариялануы тиіс.

7.12. Дивидендтер Банктің өзімен орнықтырылмаса немесе сатып алынбаса, сонымен қатар сотпен немесе Акционерлердің жалпы жиналысымен тарату туралы шешім қабылданса, акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

7.13. Банктің жәй және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу келесі жағдайларда рұқсат етілмейді:

1) меншікті капитал теріс болған жағдайда немесе Қоғамның меншікті капиталы оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкрот туралы заңына сәйкес төлеуге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік сипаттарына жауап берсе не болмаса аталмыш белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу салдарынан туындаса.

7.14. Банк жарияланған акциялар шегінде бір немесе бірнеше орнықтыру арқылы олардың шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен кейін өзінің акцияларын орнықтыруға құқылы. Банктің жарияланған акциялары шегінде оның акцияларын орнықтыру туралы шешім Директорлар кеңесімен қабылданады.

7.15. Акцияларды орнықтыру бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында жүргізілетін жазылу немесе аукцион арқылы немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жүргізілетін жазылу немесе аукцион арқылы жүзеге асырылады.

7.16. Банктің жәй акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды акционермен шеттеткен кезде, акцияларды немесе Банктің жәй акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды сатып алуға өтінім беру үшін оған ұсынылған артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес отыз күннің ішінде осы құқық, бұрынғы меншік иесі осындай өтінімді бермеген жағдайда, акциялардың немесе Банктің жәй акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздардың жаңа меншік иесіне өтеді.

7.17. Жазылу арқылы Банкпен орнықтырылатын акциялар, артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес акцияларды сатып алатын акционерлерден басқа, осы орнықтыру шегінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай бағада сатылады.

Акционерлер орнықтыру туралы шешім қабылдаған Банк органымен бекітілген бірыңғай орнықтыру бағасы бойынша артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес акцияларды сатып алады.

Акцияларды орнықтыру туралы шешім қабылдаған Банк органымен осы орнықтыру үшін белгіленген акцияларды орнықтыру бағасы осы акциялар сатылатын ең төменгі баға болып табылады.

7.18. Банкті қайта құрылымдау процедурасы шегінде Бағалы қағаздарды Банк акцияларына айырбастаған жағдайда, артықшылықты сатып алу құқығы бағалы қағаздарды және/немесе Банктің ақшалай міндеттемелерін оның акцияларына айырбастау арқылы оның акцияларын орнықтыру барысында Банк акционерлеріне ұсынылмайды.

7.19. Бағалы қағаздардың екіншілік нарығында кез келген тұлғамен дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірігіп Банк акцияларының отыз және одан артық пайызын сатып алған жағдайда, мұндай тұлға (болған жағдайда, аффилиирленген тұлғалармен бірге) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа, сатып алған күннен бастап отыз күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Банктің қалған акционерлеріне оған тиесілі Банк акцияларын сату туралы ұсынысын жариялауға міндетті. Банк бұқаралық компания деп танылған жағдайда, акционерлерге ұсыныс корпоративтік интернет сайтта жариялануы тиіс. Акционер акцияларды сату туралы ұсынысты жариялаған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей оған тиесілі акцияларды сату туралы ұсынысты қабылдауға немесе акцияларды сату туралы ұсыныстан бас тартуға құқылы.

## **8-бап.**

### **Банк акционерлерінің құқықтары және міндеттері**

8.1. Жәй акцияларды иемденетін Банк акционерлері құқылы:

- 1) АҚ туралы заңмен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Банктің қаржы есебімен Акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен анықталған тәртіпте танысуға;
- 4) Тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға деген меншік құқығын расатайтын үзінді жазбалар алуға;
- 5) Акционерлердің Жалпы жиналысына Директорлар Кеңесін сайлауға кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Банк органдарының қабылдаған шешімдерін сот тәртібінде даулауға;
- 7) Банктің қызметі туралы жазбаша сұраулар беру және Банкке сұрау келіп түкен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Банкті таратудан кейін қалған мүлкінің бір бөлігіне;
- 9) заңнамалық актілермен қарастырылған жағдайлардан басқа, АҚ туралы заңмен белгіленген тәртіпте Банктің акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын сатып алудың артықшылық құқығына.

8.2. Артықшылық акцияларға ие акционерлер құқылы:

- 1) жәй акция иелерінің алдында осы Жарғыға сәйкес белгіленетін алдын ала анықталған кепілдендірілген мөлшерде дивидендтер алудың артықшылық құқығына;
- 2) осы Жарғының 7.6 тармағымен анықталған жағдайларда Банкті басқаруға қатысуға;
- 3) Банк қызметі жайлы ақпараттарды алуға, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Банктің Жарғысымен анықталған тәртіпте Банктің қаржы есептілігімен танысуға;
- 4) Банктің тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушысынан акционердің бағалы қағаздарға қатысты меншік құқығын растайтын үзінді жазбаларды алуға;
- 5) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Банкке сұрау келіп түскен сәттен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауап алуға;
- 6) артықшылық акциялардың артықшылық құқығына;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте Банк таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға.

8.3. Банктің ірі акционері құқылы:

1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе егер Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талаппен сотқа жүгінуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің Директорлар кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

3) Банктің Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) аудиторлық ұйымнан өз есебінен Банктің аудитін өткізуді талап етуге.

8.4. Акционерлер АҚ туралы заңмен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарға ие бола алады.

8.5. Банк Акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) Банк тіркеушісін және сол Акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Банктік акция ұстаушыларының реестрін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы он күннің ішінде хабардар етуге;

3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияларды құрайтын ақпараттарды жарияламауға;

4) АҚ туралы заңға және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттемелерді орындауға.

## **9-бап.**

### **Банктің басқару органдары.**

9.1. Банк органдары болып табылады:

- жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы - Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган - Басқарма;
- бақылау органдары – Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі.

## **10-бап.**

### **Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы**

10.1. Банк жыл сайын жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Жылдық жиналыстан басқа, Акционерлердің жалпы жиналыстары кезектен тыс жиналыстар болып табылады.

10.2. жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мерзімде жүргізіледі.

10.3. Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысында:

1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;

2) өткен қаржы жылы үшін Банктің таза кірісін бөлу тәртібі және бір жәй акцияға есептелген дивиденд мөлшері анықталады;

3) Банк әрекеттеріне акционерлердің және оның лауазымды тұлғаларының назар аударуы туралы мәселе қаралады және оны қарау қорытындылары анықталады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Банк акционерлеріне Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері және құрамы туралы хабарлайды.

Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы шешімді қабылдауы Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарайды.

10.4. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, және оған өзгертулер және толықтырулар енгізу;
- 3) Банкті еркімен қайта құру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, түрлені арқылы) немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орнықтырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау, сонымен қатар оларды өзгерту шарттарын және тәртібін анықтау;
- 6) Банкпен орнықтырылған акцияларды және Банктің бастамасы бойынша өзге бағалы қағаздарды сатып алу туралы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 7) Банк акцияларының немесе базалық активі Банк акциялары болып табылатын туындылы бағалы қағаздардың листингі немесе ерікті делистинг туралы шешім қабылдау;
- 8) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін тағайындау және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақылардың мөлшерін және оны төлеудің шарттарын белгілеу;
- 9) Банк аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау («Deloitte & Touche», «Ernst and Young», «KPMG» немесе «PriceWaterhouseCoopers» арасынан);
- 10) санақ комиссияның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін тағайындау және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату;
- 11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 12) есеп берілген қаржы жылы үшін Банктің таза табысын үйлестірудің тәртібін бекіту, жәй акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Банктің бір жәй акциясына қатысты дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 13) АҚ туралы заңмен қарастырылған жағдайларда Банктің жәй немесе артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Осы Жарғының 13-бабында қарастырылған жағдайларда мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 15) Егер өзгеріс қаржы жағдайын, Банк қызметінің шарттарын немесе нәтижелерін нашарлатса, Банктің шаруашылық қызметін маңызды өзгерту сипаты және ауқымы туралы шешім қабылдау, соның ішінде: (а) Банк активтерінің жалпы құнын Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он пайызынан асатын сомаға төмендету, немесе (б) қаржы жылында Банктің таза табысының жалпы мөлшерін тиісті жылдың Банктің бизнес жоспарына сәйкес осындай табыстың жоспарлы мөлшерімен салыстырғанда Банктің жалпы таза табысының он пайызынан артық сомаға азайту;
- 16) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлерге хабар беруінің түрін белгілеу және ондай хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында орнықтыру туралы шешім қабылдау;
- 17) Банк акцияларды сатып алатын кезде олардың құнын белгілеу әдістемесіне енгізілген өзгерістерді бекіту (әдістеме құрылтай жиналысымен бекітілмесе, әдістемені бекіту);
- 18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) «алтын акцияны» енгізу және жою;
- 20) бекітілуі Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған Банктің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;

21) Банкпен кредиторларға берешекті төлеу мораториясын енгізу, олармен төлемдердің мерзімін ұзарту туралы келісім, сондай-ақ, Директорлар кеңесімен қабылданатын Банкті қайта құрылымдау туралы шешімінен басқа, Банктің оның ақшалай міндеттемелері бойынша кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру қабілетсіздігіне байланысты кредиторлармен өзге де келісімдер жасау туралы шешімдер қабылдау;

22) Банктің маңызды еншілес ұйымын ерікті тарату туралы шешім қабылдау (Банктің маңызды еншілес ұйымы активтерінің жалпы мөлшері немесе пайдасының мөлшері (салық төлегенге дейінгі) біріктірілген негізде Банктің активтер құнының жалпы мөлшерінің немесе пайда мөлшерінің бес немесе одан артық пайызын құрайтын еншілес ұйым болып табылады);

23) Банктің барлық активтерінің бес және одан артық пайызын құрайтын Банк активтерінің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

24) Шешім қабылдауы АҚ туралы заңмен және Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

10.5. Осы Жарғының 10.4-тармағының 1)-9), 14)-15) және 21)-23) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының біліктілік көпшілігімен қабылданады. Біліктілік көпшілігі Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының төрттен үш мөлшерін құрайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізетін күні Банктің жәй акцияларының бес пайызынан кем емес мөлшері ГДР-ға тиесілі болса, және осыған орай дауыс беруде Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы осындай ГДР ұстаушыларының біреуі қатысса (жеке өзі, сырттай немесе өкілі арқылы), онда осы Жарғының 10.4 тармағының 1)-9), 14)-15) және 21)-23) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін дауыс беруге қатысатын ГДР тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының үштен екі мөлшерімен шешімді мақұлдау талап етіледі. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беруге Банктің жәй акцияларын иемденетін ГДР ұстаушыларының ең болмаса біреуі қатыспаса (жеке, сырттай немесе өкіл арқылы), онда аталмыш мәселелер бойынша шешімдер Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының біліктілік көпшілігімен қабылданады.

Өзге мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жәй көпшілік дауысымен қабылданады.

Осы 10.5 тармақта мазмұндалған өзге ережелерге қарамастан, Миноритарияларды Қорғау күні аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа редакцияда бекіту туралы шешім АҚ туралы Заңмен анықталған Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы мөлшерінің білікті дауыс көпшілігімен қабылданады. 10-баптың мақсаттары үшін: (1) «Миноритарияларды Қорғауды Аяқтау күні» келесі күндердің ең кеш мерзімі саналады: (а) Қайта құрылымдау мерзімінен кейін 3 (үш) жыл өткеннен кейінгі күн немесе (б) (Қайта құрылымдау мерзімінен бастап 6 (алты) айдың ішінде ГДР листинг жүргізілмесе) ГДР Еуропалық Экономикалық Аймақтың кез келген ел-қатысушыларында бекітілген қор биржасындағы листингке жіберетін мерзім; (2) «Қайта құрылымдау күні» Банк кредиторларының басқару комитеті Банкке Банктің қайта құрылымдау қатысындағы алдын ала шарттарының сақталуы туралы хабарлайтын уақыт пен мерзімнен кейін 10 (он) жұмыс күнінен кейінгі күнді білдіреді; және (3) «ГДР» Банктің қайта құрылымдау

аясында кредиторлардың пайдасына Банкпен шығарылған және орнықтырылған ғаламдық депозитарлық қолхаттарды білдіреді.

10.6. Егер өзгесі АҚ туралы заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен қарастырылмаса, Шешімдерді қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың құзыретіне, лауазымды тұлғаларға және Банк қызметкерлеріне беруге жол берілмейді.

10.7. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінен бас тартуға құқылы.

10.8. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі:

10.8.1. Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесімен шақырылады.

10.8.2. Кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасы бойынша, сонымен қатар кез келген акционердің немесе Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес немесе одан артық мөлшерін дауыс беру құқығының жиынтығына ие тұлғалар тобымен шақырылады.

10.9. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы Акционерлердің тізімі Банк акцияларын ұстаушыларының реестрлер жүйесінің деректері негізінде Банк тіркеушісімен құрастырылады. Аталмыш тізімді құрастыру күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешімдерді қабылдау күнінен ерте белгіленбейді.

Тізімді құрастырғаннан кейін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізіміне енгізілген тұлға оған тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларын шеттеткен жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Осыған байланысты акциялардың меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

10.10. Акционерлерге отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде – жиналысты өткізу мерзіміне дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей Акционерлердің жалпы жиналысын болжамды өткізу туралы хабарлануы тиіс.

10.11. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы немесе оларға жіберілуі тиіс. Егер Банк акционерлерінің саны елу акционерден артық болса, хабарлама акционерге оған жазбаша хабарлама арқылы хабарлануы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және басқа тілдерде жарияланған жағдайда, осы тармақта белгіленген мерзім олардың жарияланған соңғы күнінен бастап есептеледі.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама тізімі АҚ туралы заңмен анықталатын мәліметтерді қамтуы тиіс.

10.12. Миноритарлы акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Банктің тіркеушісіне жүгінуге құқылы.

Миноритарлы акционердің жүгіну және Банк тіркеушісімен ақпараттарды басқа акционерлерге тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының реестрлер жүйесін жүргізу бойынша шарттармен белгіленеді.

10.13. Акционерлердің жалпы жиналысын қайтадан жүргізу бастапқы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу (болмай қалған) күнінен кейін кешіктірмей белгіленуі мүмкін.

Қайтадан өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы болмай қалған Акционерлердің жалпы жиналысының орнында жүргізілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі болмай қалған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс.

10.14. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен құрастырылады және талқылауға шығарылатын нақты қалыптастырылған мәселелердің тізімін қамтиды. Күн тәртібіне «ртүрлі», «өзгелер», «басқалар» сияқты және осыған ұқсас ұғымдардың қолданылуына тыйым салынады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Банк акционерлеріне Жалпы жиналысты өткізу мерзіміне дейін он бес күннен кешіктірмей немесе осы Жарғының 10.15 тармағымен бекітілген тәртіпте осындай толықтырулар туралы хабарланған жағдайда ірі акционер немесе Директорлар кеңесі толықтыра алады.

10.15. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауыстарымен жүзеге асырылады. Күн тәртібіне өзгерістердің және/немесе толықтырулардың енгізуіне Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және Банктің дауыс беретін акцияларының тоқсан бес пайызына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берген жағдайда, өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысымен шешім қабылдаған кезде, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және/немесе толықтырылмайды.

10.16. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқықсыз.

10.17. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдауға қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда міндетті ақпараттар тізімі АҚ туралы заңмен анықталады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар дайын болуы тиіс және жиналысты өткізгенге дейін он күн бұрын акционерлермен танысу үшін Басқарманың орналасқан жері бойынша қол жетімді болуы тиіс, ал акционердің сұрауы бойынша – сұрау алған күннен бастап үш жұмыс күннің ішінде оған жіберілуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығындары акционерге жүктеледі.

10.18. Егер жиналысқа қатысу үшін жиналыс қатысушылары тіркеу аяқталар алдында акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері, сонымен қатар Банктің дауыс беретін акциялардың жиынтықты елу пайызына ие Жарғының 10.9 тармағына сәйкес акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғалардан акцияларды сатып алған тұлғалар тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

10.19. Болмай қалған жиналыс орнына қайтадан өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворумның болмауына байланысты Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталмаса;

2) жиналысқа қатысу үшін тіркеу мерзімі аяқталған кезде Банктің дауыс беретін акцияларының қырық және одан артық пайызына ие акционерлер (немесе оның өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе.

10.20. Акционерлерге сырттай дауыс беру бюллетеньдері жіберілген жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының қатысушыларын тіркеу барысында Банкпен көрсетілген және алынған бюллетеньдермен ұсынылған дауыстар кворумды санау және дауыс беру қорытындыларын жасау кезінде ескеріледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілмейді.

10.21. Егер Банк акционерлерінің саны жүз және одан артық пайызға ие болса, Санақ комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады. Егер Банк акционерлерінің саны жүзден кем пайызды құраса, санақ комиссиясының функциялары Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысымен жүзеге асырылады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша санақ комиссиясының функциялары Банк тіркеушісіне жүктеледі.

Санақ комиссиясы үш адамнан кем болмауы тиіс. Санақ комиссиясына Банктің алқалы органдарының мүшелері кірмейді.

Санақ комиссиясының өкілеттіктері АҚ туралы заңмен анықталады.

10.22. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі АҚ туралы заңға, Жарғыға және Банктің ішкі қызметін реттейтін Банктің өзге құжаттарына сәйкес анықталады.

10.23. Акционерлердің жалпы жиналысына Банк акционерлері, ГДР ұстаушылары, сонымен қатар Директорлар кеңесімен немесе Басқармамен шақырылған тұлғалар қатыса алады және әрекет етеді.

10.24. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын (аралас дауыс беру) акционерлердің дауыс беруімен бірге немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей қабылдануы мүмкін.

10.25. Сырттай дауыс беру кезінде бірыңғай үлгідегі дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

10.26. Сырттай дауыс беру бюллетеніне акционермен-жеке тұлғамен осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті көрсетумен қол қойылады.

Акционердің-заңды тұлғаның сырттай дауыс беру бюллетеніне оның басшысымен қол қойылады және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылады.

Акционер-жеке тұлға немесе акционер-заңды тұлғаның басшысы қол қоймаған бюллетень, сонымен қатар заңды тұлғаның мөрінің жарамсыз болып саналады.

Дауыстарды санау кезінде бюллетеньде анықталған акционермен дауыс беру тәртібі сақталатын мәселелер бойынша дауыстар және мүмкін дауыс беру нұсқаларының бірі ескеріледі.

10.27. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру келесі жағдайлардан басқа, «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша ең жоғары дауыс саны шектелген жағдайда;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау барысында кумулятивті дауыс берілгенде;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыс ұсынылған жағдайда.

10.28. Кумулятивті дауыс беру кезінде акциялар бойынша ұсынылатын дауыстар акционермен Директорлар кеңесінің мүшелеріне бір кандидат үшін толығымен ұсынылады немесе директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында бөлінуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланғандар болып дауыстардың көп мөлшерін жинаған кандидаттар саналады.

10.29. Дауыс беру қорытындылары бойынша санақ комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және қол қояды. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тігіледі.

10.30. Дауыс беру қорытындылары дауыс беру процедурасы жүргізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады. Акционерлердің жалпы

жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге Жарғымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында оларды жариялау немесе әрбір акционерге Акционерлердің жалпы жиналысын жапқаннан кейін он күннің ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

10.31. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналысты жапқаннан кейін үш жұмыс күннің ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс. Хаттамада көрсетілетін міндетті мәліметтер тізімі және оған қол қою тәртібі АҚ туралы заңмен анықталады.

10.32. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығын беретін сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерін жазбаша түсіндірмелермен бірге тігіледі. Аталмыш құжаттар Басқармамен сақталады және кез келген уақытта танысу үшін акционерлерге ұсынылады. Акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі ұсынылады.

## **11-бап.**

### **Банктің Директорлар кеңесі**

11.1. АҚ туралы Заңмен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Директорлар кеңесі – Банктің қызметінің жалпы басқарылуын жүзеге асыратын Банк органы.

11.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басты бағыттарын (стратегияларын) анықтау және бекіту;  
2) егер осындай өзгерістер нәтижесінде Банспен оның есептік және қаржылық саясатын жүзеге асыру тәртібі өзгертін болса (резервілеу және есептен шығару қатысында), Банктің ішкі құжаттарына өзгерістер енгізу;

3) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

4) акцияларды орнықтыру (сату), соның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орнықтырылатын (сатылатын) акция мөлшері, оларды орнықтыру (сату) тәсілі мен бағасы, өзге бағалы қағаздарды, Банк акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды, опциондарды, сонымен қатар базалық активі Банктің акциялары болып табылатын, сондай-ақ, мақұлданыуы осы келісімдерге байланысты туындылы бағалы қағаздарды орнықтыру (сату) туралы шешім қабылдау;

5) Банктің жәй немесе артықшылықты акциялар эмиссиясының проспектісін мақұлдау;

6) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту,

7) Банктің облигациялары мен туынды бағалы қағаздары шығарылымының шарттарын анықтау;

8) Басқарманың құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Басқарма Төрағасының және мүшелерінің жалақыларының мөлшерін және жалақы төлеу шарттарын анықтау, сонымен қатар аталмыш тұлғалармен еңбек шарттарын жасау және бұзу және олармен жасалған еңбек шарттарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдау;

10) Тәуекелдерді басқару бойынша бөлімшелердің жұмыс істеу тәртібін анықтау;

11) Жұмыс тәртібін анықтау, сонымен қатар ішкі аудит қызметі туралы ережені, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне төленетін жалақы мөлшерін және жалақы төлеу шарттарын бекіту;

12) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар лауазымдық жалақыларының мөлшерін және сыйақы шарттарын анықтау;

13) Аудиторлық ұйымның, сонымен қатар ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызмет төлемдерінің мөлшерін анықтау;

14) Банктің ішкі қызметін реттейтін (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органмен қабылданатын құжаттардан басқа) және Банктің өзге ішкі құжаттарымен анықталатын құжаттарды, соның ішінде Банктің бағалы қағаздарының аукциондарын және жазылуларын жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) Банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, сонымен қатар олар туралы ережені бекіту;

16) Банктің міндеттемелерін оның меншікті капиталы көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

17) Осы Жарғының 13-бабымен қарастырылған жағдайларда, мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

18) Өткен қаржы жылы үшін Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жәй акциясына есептелген бір жылдағы дивидендтің мөлшері туралы ұсынысты Акционерлердің жалпы жиналысымен бекіту;

19) алдыңғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда, Банк тіркеушісін сайлау;

20) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

21) Банктің қызығушылығы бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

22) кредиттік саясатты, Қарыздар ұсыну бойынша саясаттарды және процедураларды, лимиттерді және олардың өзгерістерін анықтау және бекіту;

23) қаржы қызметтерін көрсету бойынша Банктің банктік қызметтерін жүзеге асырудан бөлек, қарыздар алу және нарықтық ставкалардан жоғары ставкалар бойынша қарыздар алу;

24) Банкті ерікті түрде қайта құру және Банк қызметінің негізгі бағыттарын өзгерту туралы мәселелерді Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару;

25) Банк аудиторын бекіту туралы мәселені Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару;

26) Банкпен корпоративтік басқару кодексін, ішкі саясаттарды және процедураларды сақтау үшін аудиторды тарту, сонымен қатар Банктің бизнес жопарын орындау, сонымен қатар осындай аудитордың құқықтарын, міндеттемелерін және есептілік шарттарын өзгерту;

27) Банкпен ағымдағы қаржы жылында жоспранған мақсаттарға қол жеткізу мәніне Басқарма қызметін жыл сайын талдау;

28) Банктегі мүдделердің дауларын реттеу бойынша саясатты, Банкпен ерекше қарым-қатынастары және инвестициялық саясаты бар тұлғалармен Банк операцияларының мониторингі бойынша саясатты беткіту;

29) Банкпен ерекше қарым-қатынастары бар тұлғалардың реестрін бекіту;

30) Директорлар кеңесіне Басқармамен Банктің қаржылық көрсеткіштерін бағалау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржы есептілігін ұсыну нысанын және мерзімін анықтау;

31) Ішкі аудит қызметімен жүргізілген тәуекелдерді және тексеру нәтижелерінің ішкі бақылауын жақсарту және басқару бойынша сыртқы аудиторлардың қорытындыларын талдау;

32) Тәуекелдерді басқару саясаттарының кредиттік тәуекелді бақылау және мониторингі саясаттарын, тәуекелдермен (кредиттік тәуекелмен, пайыздық тәуекелмен, өтімділікті жоғалту тәуекелімен, валюталық тәуекелмен) байланысты және Басқармамен жүргізілетін Банк операцияларының мониторингін жүргізу саясаттарын бекіту;

33) Тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын және ішкі бақылау жүйесін және олардың уәкілетті органның талаптарына сәйкесімділігін тексеру;

34) Банктің еншілес ұйымның листингі және ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

35) Банктің бақылауын жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтерді талдау;

36) Жаңа бизнес жоспарды немесе бюджетті қабылдау немесе бизнес жоспарға немесе Банк бюджетіне маңызды өзгерістер енгізу;

37) егер талап ету сомасы 4 410 000 000 (төрт миллиард төрт жүз он миллион) теңгеден көп болса, Сот немесе төрелік дауларда талапкер немесе жауапкер ретінде қатысу немесе қатысуын тоқтату немесе сот немесе төрелік даулар бойынша бейбіт келісімін жасау, (Банктің қаржы қызметтерін көрсету бойынша қарапайым қызметі барысында жүргізілетін берешекті өтеуге байланысты даулардан басқа);

38) егер мәміле сомасы жетпіс бес миллион АҚШ долларынан артық болса, Банк пен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ немесе оның еншілес ұйымдары арасында жасалған мәмілелерді мақұлдау (қарыздар беру, кепілдіктер беру, сатып алу, сату, шеттету, лизинг, қызметтер ұсыну және Банк пен Банктің еншілес ұйымдары арасындағы өзге мәмілелер);

39) Банк берешегін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдау;

40) Егер есептік сома немесе жүргізілген немесе осы қаржы жылы ішінде Банк пен оның еншілес ұйымдары (бір топтың тұлғалары ретінде қарастырылатын) арасында келісілген капитал салымдарының жалпы құны ағымдағы жылы Банк бюджетімен бекітілген капитал салымдарының сомасынан 5 пайызға артық болса, осы соманың жалпы құны туралы кез келген міндеттемені жүзеге асыру немесе қабылдау;

41) Осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, Банк қатысатын еншілес ұйымдардың және өзге заңды тұлғалардың Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері, сонымен қатар осы Жарғы Банкті қайта құрылымдау жоспарына кіретін кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауысын және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысын талап ететін мәселелер бойынша шешім қабылдау;

42) Банктің еншілес ұйымдары қатысатын бірігу (қосылу) бойынша мәмілелерді мақұлдау, Банкті ерікті қайта құру және тарату (Банк акционерлерінің білікті көпшілік дауысымен қабылданатын Банктің маңызды еншілес ұйымдарын тарату туралы шешім қабылдаудан басқа);

43) Егер өзгеріс қаржы жағдайының, еншілес ұйымдардың қызмет ету шарттарының немесе нәтижелерінің нашарлауына алып келсе, соның ішінде: (а) Банктің еншілес ұйымдарының активтер құнының оның активтер құнының он пайызынан артық сомаға азайса; немесе (б) қаржы жылында Банктің еншілес ұйымдарының таза табыстарының жалпы мөлшері тиісті жылдың бизнес-жоспарына сәйкес осындай таза табыстың жоспарлы мөлшерімен салыстырғанда Банктің еншілес ұйымдарының таза табыстың жалпы мөлшерінің он пайызынан азайса;

44) Нарықтық жайлардан ерекшеленетін шарттармен қандай да бір сұлбаларды кредиттеуді мақұлдау. 11.2 тармағының 44) осы тармақша бойынша мақұлдауға жататын мәмілелерге құны Банк активтер құнының жалпы мөлшерінің 10 (он) пайызынан артық болатын Банкті немесе оның еншілес ұйымдарын кредиттеу немесе қаржыландыру бойынша өзара байланысты мәмілелер жиынтығы жатады. 11.2 тармағының 44 тармақшасының мақсаттары үшін нарықтық шарттарынан ерекшеленетін шарттармен қандай да бір сұлбаларды кредиттеуді мақұлдау келесіні білдіреді: (а) оның табиғаты, мақсаты, ерекшелігі және тәуекелі бойынша Банк өзге клиенттермен әрекет етпейтін немесе олардың мүдделері үшін кредиттеу немесе қаржыландыру бойынша мәмілеге қатысу; (б) кредиттеу немесе қаржыландыру мәмілелері бойынша сыйақы және төлем алу немесе қамтамасыз етуді басқа клиенттерден талап етілетін мөлшерден төмен қабылдау; (в) кредиттеуді немесе қаржыландыруды қамтамасыз етуді ұсыну;

45) Банктің Комплаенс-бақылауын тағайындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын, сонымен қатар жалақысының мөлшерін және Банктің Комплаенс-бақылауының сыйақы шарттарын анықтау;

46) Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылмаған АҚ туралы заңмен және Жарғымен қарастырылған өзге мәселелер.

11.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқармаға шешуге берілмейді.

11.4. Маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін Банкте Банкті бұқаралық компания деп танылған жағдайда, келесі мәселелер бойынша кеңестік органдары болып табылатын Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге мәселелер.

Банктің қайта құрылымдау жоспарына енген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын кем дегенде, бір директор, Директорлар кеңесінің әрбір комитеттерінің құрамына кіруі тиіс.

11.5. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқықсыз.

11.6. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жеке тұлға бола алады .

11.7. Директорлар кеңесінің мүшелеріне:

- 1) акционер – жеке тұлға;
- 2) акционерлердің мүдделерін ұсынатын өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;
- 3) басқа тұлғалар (Жарғының 11.9 тармағымен бекітілген шектеулерді ескеріп) сайлана алады.

11.8. Директорлар кеңесінің мүшелері кумулятивті дауыс беру арқылы сайланады. Акционер оған тиесілі акциялар шегінде бір кандидат үшін дауыс беруге немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің бірнеше кандидаттары арасында бөлуге құқылы. Директорлар кеңесіне сайланғандар ретінде көп дауыс жинаған кандидаттар саналады. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және бірнеше кандидат тең дауыс жинаса, осы кандидаттар қатысында қосымша дауыс беріледі.

11.9. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Банктің акционері болып табылмайтын және акционердің мүддесін ұсынатын өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға

ұсынылмаған жеке тұлға бола алады. Осы тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан артық болма алмайды.

Басқарма мүшелері, Төрағадан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайлана алмайды.

11.10. Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қарастырылған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қай акционердің өкілі және/немесе Директорлар кеңесіне сайланған мүшелердің қайсысы тәуелсіз директор екендігі көрсетіледі.

11.11. Банктің Директорлар кеңесі тоғыз мүшеден құралады. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

11.12. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар АҚ туралы заңмен өзгесі қарастырылмаған жағдайда, бірнеше рет қайта сайлана алады.

11.13. Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді.

11.14. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе бірнеше мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің оның бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

11.15. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауыстарымен ашық немесе құпия дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

11.16. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді және келесі функцияларды жүзеге асырады:

11.16.1. Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылайды;

11.16.2. Банкте үшінші тұлғалар қатысында шешімдерді қабылдау тәртібін белгілейді;

11.16.3. Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес келіседі:

- Банктің басқарушы құрамының жұмысшыларын қабылдау, ауыстыру және қызметінен босату, жалақы және сыйлығы төлеу мөлшері (үшінші тұлғалар қатысында Банктің атынан әрекет ететін атқарушы директорлар, филиал директорлары, өкілдік басшылары, Банктің дербес құрылымдық бөлімшелердің бастықтары);

- Банктің басқарушы лауазымына персоналдардың кадрлық резерві;

11.16.4. Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің шешімдерімен, Жарғымен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен анықталған өзге функцияларды жүзеге асырады.

11.17. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмай қалған жағдайда, Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес оның функцияларын Директорлар кеңесінің бір мүшесі жүзеге асырады.

11.18. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Басқармамен шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақырылуы мүмкін.

11.19. Директорлар кеңесінің мүшелеріне өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысы туралы хабарламаны жіберу тәртібі Директорлар кеңесімен анықталады.

11.20. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды ұсынумен

Директорлар кеңесінің отырысы туралы хабарлама Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәсілдермен отырыс өткізілетін күнге дейін үш күн бұрын Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі.

11.21. Директорлар кеңесінің отырысын жүргізу үшін кворум «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-аухат қоры» АҚ мүдделерін ұсынатын директорлардың біреуін және Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын директорлардың біреуін қоса алғанда, Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем емес саны қатысуы болып саналады. Егер отырыста Жарғының 11.2 тармағының 1), 2), 4), 5), 8), 9), 11), 18), 22) - 24), 26), 32), 34), 36) – 42), 43) және 44) тармақшаларында көрсетілген мәселелер қарастырылатын болса, онда отырыста «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-аухат қоры» АҚ мүдделерін ұсынатын директорлардың біреуін және Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын директорлардың біреуін қоса алғанда, Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем емес саны қатысқан жағдайда кворум сақталған болып саналады.

Банк АҚ туралы заңға сәйкес бұқаралық компания деп танылған жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысында міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес мөлшерінде тәуелсіз директорлар ұсынылуы тиіс.

Егер Директорлар кеңесінің отырысы кворумның жиналмауына байланысты өткізілмесе, сол мәселелерді қарастыратын қайта өткізілетін жиналыс кворумы бастапқы отырысты өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібі сақталған жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем емес мөлшерін құрайды.

11.22. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыс санымен қабылданады. Жарғының 11.2 тармағының 1), 2), 4), 5), 8), 9), 11), 18), 22) - 24), 26), 32), 34), 36) – 42), 43) және 44) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі.

Банкпен оның мүддесі бар мәміле жасау туралы шешімі осы мәміленің жасалуына мүддесі жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілігімен қабылданады, осыған байланысты шешім қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі. Егер Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің бір немесе екі мүшесінің мәміленің жасалуына мүддесі болса, онда шешім осындай мүшенің (мүшелердің) қатысуынсыз қабылданады, бірақ осыған байланысты кез келген жағдайда, бір тәуелсіз директормен мәмілені мақұлдау талап етіледі.

11.23. Директорлар кеңесі вправе принять решение о проведении своего закрытого заседания, в котором могут принимать участие только члены Совета директоров.

11.24. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылданады. Осындай шешімдерді қабылдау тәртібі АҚ туралы заңмен және Банктің ішкі құжаттарымен анықталады.

Сырттай дауыс беру арқылы шешімдер бюллетеньдерде көрсетілген мерзім ішінде кворум жиналған жағдайда, қабылданған болып саналады. Директорлар кеңесінің сырттай отырыс шешімі жазбаша нысанда ресімделуі және Директорлар кеңесінің хатшысымен және Төрағасымен қол қойылуы тиіс.

11.25. Директорлар кеңесінің ашық тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған олардың шешімдері отырыста хаттама ресімделеді. Хаттама отырысты өткізгеннен кейін үш күннің ішінде жасалады және төрағалық ететін тұлғамен және Директорлар кеңесінің хатшысымен қол қойылады. Хаттамада мазмұндалатын міндетті мәліметтердің тізімі АҚ туралы заңмен анықталады.

11.26. Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Банктің мұрағатында сақталады.

11.27. Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді оған танысу үшін ұсынуға және/немесе Банктің уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен және банк мөрінің ізімен куәландырылған хаттама және шешімдер үзіндісін беруге міндетті.

11.28. Директорлар кеңесінің отырысы Банктің қайта құрылымдауы аяқталған күннен бастап 2 жыл өткеннен кейін жылына 10 рет өткізіледі. Осындай мерзім аяқталғаннан кейін Директорлар кеңесінің отырысы жылына 4 рет өткізіледі.

## **12-бап.**

### **Банк Басқармасы**

12.1. Банктің ағымдық басқарылуы алқалы атқарушы органмен – Басқармамен жүзеге асырылады.

12.2. Басқарма заңнамамен және Жарғымен Банктің басқа органдарының және лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

12.3. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

12.4. Басқарма мүшелерінің сандық құрамы және өкілеттіктерінің мерзімі Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

12.5. Басқарма мүшелері акционерлер және оның акционерлері болып табылмайтын Банктің қызметкерлері бола алады. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда қызмет атқара алады. Басқарма Төрағасы атқарушы органның немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын дербес жүзеге асыратын тұлғаның басшысы лауазымын атқара алмайды.

12.6. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Банктің ішкі құжаттарымен, сонымен қатар аталмыш тұлға мен Банк арасында жасалған жеке еңбек шарттарымен анықталады.

12.7. Банктің атынан Басқарма Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Жалпы жиналыспен немесе Директорлар кеңесімен құқылы болған тұлғамен қол қойылады. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалған еңбек шартына Басқарманың Төрағасы қол қояды.

12.8. Басқарма отырысы қажетінше Басқарма Төрағасының, ал ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы оның орынбасарының төрағалығымен өткізіледі.

12.9. Басқарма оның отырысында Басқарма мүшелерінің жартысынан көп мөлшері қатысқан жағдайда, шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма шешімдері отырысқа қатысушы Басқарма мүшелерінің көпшілік дауыстарымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің дауыстары тең түскен жағдайда, шешуші дауыс беру құқығы Басқарма Төрағасына тиесілі болып табылады.

Басқарма мүшесімен дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне ұсынуына жол берілмейді.

#### 12.10. Басқарма Төрағасы.

1) Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалар қатысында Банктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынасы аясында Банкті ұсынуға сенімхат береді;

4) Банк қызметкерлерін (жұмысқа қабылдау, ауыстыру және босату Жарғымен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған қызметкерлерден басқа, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа) жұмысқа алу, ауыстыру және жұмыстан босатуды жүргізеді, оларға қатысты ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазалауды белгілейді, Банк қызметкерлерінің қызметтік айлықтарының және Банктің штаттық кестесіне сәйкес айлықтарға арнайы үстемелердің мөлшерін белгілейді;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттемелерді, өкілеттіктерді және жауапкершіліктерді бөледі, осыған орай осы мәселені Директорлар кеңесімен келіседі;

7) Банктің жарғысымен және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін анықталатын өзге функцияларды жүзеге асырады.

12.11. Басқарма Төрағасының шешімдері өкімдер және бұйрықтар түрінде ресімделеді.

### 13-бап.

#### Ерекше шарттар белгіленген Банк мәмілелері

13.1. Төменде ұсынылған мәмілелерді жасау бойынша осы Жарғымен ерекше шарттар қарастырылған.

1) АҚ туралы заңға сәйкес ірі мәміле ретінде қарастырылатын мәміле (немесе өзара байланысты жиынтықты мәмілелер). Ірі мәмілелер осындай мәмілелер үшін АҚ туралы заңмен қарастырылатын ережелерге сәйкес жасалады, осыған орай ірі мәмілені (мәмілелерді) жасау туралы шешім осы Жарғының 10.5 тармағымен қарастырылған тәртіпте Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

2) Нәтижесінде Банк мүлікті (соның ішінде акциялар және үшінші тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерді) сатып алатын (сатып алынған) АҚ туралы заңға сәйкес ірі мәміле ретінде қарастырылмайтын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы. Егер қаржы жылы ішінде мүлік мәмілесін (мәмілелерін) жасау барысында сатып алу құны:

- Банктің жарғылық капиталының жиырма бес немесе одан артық пайызын құраса, онда осындай мәмілені (мәмілелерді) жасау туралы шешім осы Жарғының 10.5 тармағымен қарастырылған тәртіпте Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады;

- Банктің жарғылық капиталының он немесе жиырма бес пайызын құраса, онда осындай мәмілені (мәмілелерді) жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады.

3) құны Банк активтер құнының жалпы мөлшерінің алты жарым пайыздан астам, АҚ туралы заңға сәйкес ірі мәміле ретінде қарастырылмайтын Банкпен кез келген қаржы жылында шеттетілетін (шеттетілген) мүлік бойынша (Банктің қарапайым қызметі ету барысындағы шеттетуден басқа) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы (біріктірілген негізде). Осындай мәмілені (мәмілелерді) жасау туралы шешім осы Жарғының 10.5 тармағымен қарастырылған тәртіпте Банктің дауыс беру акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

4) Банкпен оның орнықтырылған бағалы қағаздары сатып алынатын АҚ туралы заңға сәйкес ірі мәміле ретінде қарастырылмайтын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы. Осындай мәмілені (мәмілелерді) қабылдау туралы шешім осы Жарғының 10.5 тармағымен қарастырылған тәртіпте Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

5) Банк мүлігін кепілге беру, сонымен қатар келесі жағдайлардан басқа, Банктің берешегін қамтамасыз ететін Банктің қолданыстағы және Банктің меншігіне болашақта түсетін мүліктері, активтері немесе түсілімдері бойынша өзге ауыртпалықтар құру:

- заң күшінде құрылатын қамтамасыз ету немесе Банктің қарапайым қызмет түрінде қамтамасыз ету;

- өзара есеп-айырысу бойынша қарама-қарсы талаптарды есепке алу мақсатында, қарапайым банктік қызмет барысында жасалатын қарама-қарсы талаптарды (неттингті) есепке алу туралы келісім;

- жеткізушілердің стандарттары шарттарымен тауарларды сатып алумен байланысты қарапайым банктік қызметті жүзеге асыру барысында Банкпен жасалатын сатушыға тауардың меншік құқығының сақталуын қарастыратын мәмілелер;

- тиісті тәртіппен бекітілген Банкті қайта құрылымдау жоспарына сәйкес ұсынылған қамтамасыз ету.

Егер кепілге ұсынылатын мүліктің құны немесе өзге құрылатын ауыртпалықтың құны:

- Банктің жарғылық капиталының жиырма бес немесе одан артық пайыздарын құраса, онда осындай мәмілені жасау немесе қамтамасыз етуді тоқтату туралы шешім осы Жарғының 10.5 тармағында қарастырылған тәртіпте Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады;

- Банктің жарғылық капиталының он немесе жиырма бес пайызын құраса, онда онда осындай мәмілені жасау немесе қамтамасыз етуді тоқтату туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда осындай мәмілені жасау немесе қамтамасыз етуді тоқтату туралы шешім Басқармамен қабылданады.

6) Серіктестікті құру, біріккен қызметі немесе кірістерге бірігіп қатысуы немесе сенімді басқарма туралы келісімді жасау, сонымен қатар осындай келісімге өзгерістер енгізу. Егер тиісті келісімнің құны:

- Банктің жарғылық капиталының жиырма бес немесе одан артық пайыздарын құраса, онда осындай келісімді жасау туралы шешім осы Жарғының 10.5 тармағында қарастырылған тәртіпте Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады;

- Банктің жарғылық капиталының он немесе жиырма бес пайызын құраса, онда осындай келісімді жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда осындай келісімді жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады.

7) Банкпен берілген дисконтпен қарыздардың барлық немесе бір бөлігі бойынша өзінің талап ету құқықтарын күнтізбелік жылдың ішінде шеттету. Егер осындай қарыздар бойынша (дисконтты есепке алмай) шеттетілетін талаптардың құны:

- Банктің жарғылық капиталының жиырма бес немесе одан артық пайызын құраса, онда осындай мәмілені (мәмілелерді) жасау туралы шешім осы Жарғының 10.5 тармағымен қарастырылған тәртіпте Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады;

- Банктің жарғылық капиталының он немесе жиырма бес пайызын құраса, онда осындай мәмілені (мәмілелерді) жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Басқармамен қабылданады.

8) Еншілес ұйыммен оның міндеттемелерінің жалпы мөлшерінің ұлғайтылуын қарастыратын мәмілелер немесе еншілес ұйыммен басқа ұйымдардың жарғылық капиталындағы мүліктерді немесе акцияларды (қатысу үлесін) сатып алуды қарастыратын мәмілені жасауға байланысты, Банкпен өзінің еншілес ұйымдарына қаржылық көмек көрсету (соның ішінде қарыздар беру, кепілдіктер ұсыну, қамтамасыз етуді ұсыну немесе шығындарды, шығыстарды және зияндарды өтеу бойынша міндеттемелерді өзіне жүктеу арқылы). Егер қаржылық көмек көрсету құны:

- Банктің жарғылық капиталының жиырма бес немесе одан артық пайызын құраса, онда осындай қаржылық көмек көрсету туралы шешім осы Жарғының 10.5 тармағымен қарастырылған тәртіпте Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады;

- Банктің жарғылық капиталының он немесе жиырма бес пайызын құраса, онда осындай қаржылық көмек көрсету туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда осындай қаржылық көмек көрсету туралы шешім Басқармамен қабылданады.

9) Кез келген он екі ай кезеңінің ішінде Банк міндеттемелерін ұлғайтуды қарастыратын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы. Егер міндеттеме мөлшері:

- Банктің жарғылық капиталының жиырма бес немесе одан артық пайызын құраса, онда шешім осы Жарғының 10.5 тармағымен қарастырылған тәртіпте Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады;

- Банктің жарғылық капиталының он немесе жиырма бес пайызын құраса, онда шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда шешім Басқармамен қабылданады.

10) АҚ туралы заңға сәйкес мүддесі бар мәміле ретінде қарастырылмайтын Банкпен ерекше қарым-қатынастары бар тұлғамен мәміле. Егер мәміле сомасы:

- бес немесе одан артық миллион АҚШ долларын құраса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- бес миллион АҚШ долларынан кем болса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады.

11) Он екі ай мерзімнің ішінде Банктің еншілес ұйымдарының міндеттемелерінің жалпы мөлшерін ұлғайту туралы шешім қабылдау. Егер осындай міндеттемелердің мөлшері:

- Банктің жарғылық капиталының он немесе одан артық пайызын құраса, онда шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда шешім Басқармамен қабылданады.

12) келесілерден басқа, Банктің еншілес ұйымдарының мүліктерін кепілге беру, сонымен қатар берешекті төлеуді қамтамасыз ету мақсатында Банктің еншілес ұйымдарының мүліктері, активтері немесе түсілімдері бойынша өзге ауыртпалықтар құру:

- заң күшінде құрылатын қамтамасыз ету немесе Банктің еншілес ұйымының қарапайым қызмет түрінде қамтамасыз ету;

- өзара есеп-айырысу бойынша дебеттік және кредиттік айналымдардың қарама-қарсы талаптарын есепке алу мақсатында, Банктің еншілес ұйымдарының қарапайым шаруашылық немесе банктік қызмет барысында жасалатын қарама-қарсы талаптарды (неттингті) есепке алу туралы келісім;

- жеткізушілердің стандарттары шарттарымен тауарларды сатып алумен байланысты Банктің еншілес ұйымдарымен қарапайым банктік қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын меншік құқығын, шартты сату немесе ұқсас мәмілелерден ұстап қалу негізіндегі қамтамасыз ету (қамтамасыз ету дефолт немесе Банктің еншілес ұйымымен жіберіп алған пайда нәтижесінде құрылатын қамтамасыз ету жағдайларынан басқа);

- тиісті тәртіппен бекітілген Банкті қайта құрылымдау жоспарына сәйкес ұсынылған қамтамасыз ету;

Егер кепілге ұсынылатын мүліктің құны немесе өзге құрылатын ауыртпалықтың құны:

- Банктің жарғылық капиталының он немесе одан артық пайызын құраса, онда онда осындай мәмілені жасау немесе қамтамасыз етуді тоқтату туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты

шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда осындай мәмілені жасау немесе қамтамасыз етуді тоқтату туралы шешім Басқармамен қабылданады.

13) Нәтижесінде Банктің еншілес ұйымының мүлікті (соның ішінде акциялар және үшінші тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерді) сатып алатын (сатып алынған) АҚ туралы заңға сәйкес ірі мәміле ретінде қарастырылмайтын мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы. Егер қаржы жылы ішінде мүлік мәмілесін (мәмілелерін) жасау барысында сатып алу құны:

- Банктің жарғылық капиталының он немесе одан артық пайызын құраса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады.

14) Банктің еншілес ұйымдарымен серіктестікті құру, біріккен қызметі немесе кірістерге бірігіп қатысуы туралы келісім жасау бойынша мәмілелерді мақұлдау немесе сенімді басқарма туралы шарттарға қатысу, сонымен қатар осындай келісімге өзгерістер енгізу. Егер тиісті келісімнің құны:

- Банктің жарғылық капиталының он немесе одан артық пайызын құраса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Директорлар кеңесінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады.

15) Егер қаржы жылы ішінде шеттетілетін мүліктің жалпы құны (бір немесе бірнеше мәмілелер жасау барысында) Банк және оның еншілес ұйымының активтер құнының жалпы мөлшерінің алты жарым пайыздан астамын құраса, Банктің еншілес ұйымдарымен шеттетілетін (шеттетілген) мүлік бойынша (қарапайым қызметі ету барысындағы шеттетуден басқа) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы. Осындай мәмілені (мәмілелерді) жасау туралы шешім Директорлар кеңесімен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі.

16) Банктің еншілес ұйымдарымен берілген дисконтпен қарыздар бойынша талап ету құқықтарын шеттету бойынша олармен жасалатын мәмілелерді мақұлдау. Егер күнтізбелік жылдың ішінде шеттетілетін талаптардың жалпы құны (дисконтты есепке алмай):

- Банктің жарғылық капиталының он немесе одан артық пайызын құраса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Директорлар кеңесінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, осыған байланысты шешімдерді қабылдау үшін Банктің

қайта құрылымдау жоспарына енгізілген кредиторлардың мүдделерін ұсынатын Директорлар кеңесінің екі мүшесінің дауыстары және кем дегенде, бір тәуелсіз директордың дауысы талап етіледі;

- Банктің жарғылық капиталының он пайызынан кем мөлшерді құраса, онда осындай мәмілені жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады.

#### **14-бап.**

#### **Банктің ішкі аудит қызметі**

14.1. Банктің ішкі аудит қызметі Банктің қаржылық-шаруашылық қызметінің бақылауын жүзеге асырады.

14.2. Ішкі аудит қызметінің функциялары:

1) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру және бағалау;  
2) банктік тәуекелдерді қолдану толықтығын және бағалау әдістемесінің тиімділігін тексеру (банктік операцияларды және мәмілелерді жүргізу, тәуекелдерді басқару әдістемелерін, бағдарламаларын, ережелерін, тәртібін және процедураларын);

3) деректер базасының тұтастығын бақылауды және оларды рұқсатсыз кіруден қорғауды қоса алғанда, автоматтандырылған ақпараттық жүйе функцияларының тиімділігін, ойластырылмаған жағдайларға әрекет ету жоспарларының болуын тексеру;

4) бухгалтерлік есептің және есептіліктің шынайылығын, толықтығын, объективтілігін және өз уақытында орындалуын тексеру, сонымен қатар ақпаратты және есептілікті жинаудың және ұсынудың сенімділігін және өз уақытында орындалуын тексеру;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзге мәліметтердің шынайылығын, толықтығын, объективтілігін және өз уақытында орындалуын тексеру;

6) банк мүліктерінің сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің (әдістерінің) қолданылуы тексеру;

7) Банкпен жасалатын операциялардың экономикалық мақсаттылығын және тиімділігін бағалау;

8) Банктің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерге сәйкесімділігін тексеру;

9) ішкі бақылау процестерін және процедураларын тексеру

10) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері талаптарының сақталуы мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;

11) Банк пресоналдарын басқару қызметінің жұмыстарын бағалау;

12) анықталған тәуекелдердің деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін Банк бөлімшелерінің тексеру немесе бөлімше басшысымен немесе басқару органдарымен банк үшін анықталған тәуекелдердің қолданылымдылығы туралы шешімін қабылдауды құжатқа түсіру нәтижелері бойынша Банктің бөлімшелерімен және органдарымен қабылданған шаралардың тиімділігін бақылауды жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа мәселелер.

14.3. Ішкі аудит қызметімен бөлімшелер және еншілес кәсіпорындардың қызметін, сонымен қатар сыртқы мердігерлерді тартумен байланысты қызметті қоса алғанда, Банк бөлімшелері тексеріледі.

14.4. Ішкі аудит қызметі өзінің қызметін Қазақстан Республикасының ішкі аудитті жүргізу тәртібі туралы заңнамасына, осы Жарғының ережелеріне және Банктегі Ішкі аудит қызметінің мәртебесін және өкілеттіктерін реттейтін тиісті ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

14.5. Ішкі аудит қызметінің мүшелері және басшысы Директорлар кеңесімен тағайындалады. Ішкі аудит қызметінің мүшелері Директорлар кеңесінің және Басқарма құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі мүшелерінің өкілеттіктері Директорлар кеңесінің шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және олардың алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

14.6. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің саны оның басшысын қоса алғанда, үш адамнан кем болмауы тиіс. Банктің Директорлар кеңесімен анықталған Ішкі аудит қызметінің өкілеттіктер мерзімі үш жылдан кем емес.

14.7. Ішкі аудит қызметінің отырысы қажетінше өткізіледі. Ішкі аудит қызметінің отырысы оның басшысының немесе оның орнын басатын тұлғаның бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін. Ішкі аудит қызметінің отырысы оның басшысымен немесе оның орнын басатын тұлғамен жүргізіледі.

14.8. Ішкі аудит қызметі өзінің отырысын өткізбей шешім қабылдауға құқылы.

14.9. Ішкі аудит қызметінің басшысын қоса алғанда, оның әрбір қызметкері бір дауысқа ие. Ішкі аудит қызметінің шешімдері Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің жалпы санының жәй көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда, Ішкі аудит қызметі басшысының немесе оның орнын басатын орынбасардың дауысы шешуші болып табылады.

14.10. Ішкі аудит қызметінің шешімдері Ішкі аудит қызметі туралы ережемен бекітілген тәртіпте ресімделеді.

14.11. Егер Ішкі аудит қызметінің басшысы болмаса немесе өзге себептер бойынша өзінің өкілеттігін және міндеттемелерін орындай алмаса, олар осындай өкілеттіктер мен міндеттемелердің орындалуы Директорлар кеңесімен бекітілген сұлбаға немесе Банктің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес жүктелетін Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің біреуімен орындалады (аталмыш сұлба болмаған жағдайда немесе осындай өкілеттіктердің және міндеттемелердің орындалуы аталмыш сұлбаға сәйкес жүктелетін Ішкі аудит қызметінің қызметкерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда).

14.12. Ішкі аудит қызметін, оның негізгі мәселелерін және функцияларын, құқықтары мен міндеттерін ұйымдастыру бойынша басқа мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және Банктің Директорлар кеңесінің ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша шешімдеріне (соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сүйеніп, Банктің Директорлар кеңесімен бекітілетін Ішкі аудит қызметі туралы ережеге) және Банктің өзге ішкі құжаттарына сәйкес шешіледі.

## **15-бап**

### **Комплаенс-бақылаушы және COMPLAENS қызметі**

15.1. Банкте COMPLAENS қызметі құрылады. COMPLAENS қызметі - COMPLAENS-бақылаушыдан және COMPLAENS қызметінің қатысушыларынан құралатын Банктің ішкі қызметі. Оның ерекше құзыретіне, Банк қызметінің ҚР заңнамасының тааптарына және Банктің ішкі ережелері мен процедураларына (COMPLAENS-тәуекелді басқару) сәйкесімділігін ішкі бақылау кіреді.

Комплаенс қызметінің қатысушылары, құрылу тәртібі және функциялары Қазақстан Республикасының бөлек нормативтік құқықтық актілермен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

15.2. COMPLAENS-БАҚЫЛАУШЫ – Банк қызметкерінің ерекше құзыретіне COMPLAENS бөлімінің қызметін ұйымдастыру және COMPLAENS-тәуекелді басқару бойынша Банктің саясатын жүзеге асыруды бақылау кіреді. COMPLAENS – бақылаушы Директорлар кеңесінің қызметіне тағайындалады.

## 16-бап

### Банк акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

16.1. Банк өзінің акционерлеріне Банк акционерлерінің мүдделеріне қатысты Банктік қызметі туралы ақпаратты хабарлауға міндетті.

16.2. Банк акционерлерінің мүдделеріне қатысты ақпараттар болып саналады:

1) акционерлердің Жалпы жиналысымен және Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдер, қабылданған шешімдердің орындалуы жайында ақпарат;

2) Банктің акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы туралы есептерін бекітуі;

3) Банктің ірі мәмілелер жасауы және Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасауы;

4) Банктің жеке меншік капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан көп пайызды құрайтын мөлшерде Банктің қарыз алуы;

5) қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға қоғамның лизензиялар алуы, қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға Банктің бұрын алған лизензияларының қолданылуын тоқтату немесе бұзу;

6) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;

7) Банк мүлкін тәркілеу;

8) нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінен он немесе одан да көп пайызды құраған Банк мүлкінің жойылуына әкелген төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;

9) Банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) сотта корпоративтік даулар бойынша іс қозғау;

11) Банкті мәжбүрлі түрде қайта құру туралы шешім;

12) Жарғыға сәйкес оның акционерлерінің мүдделеріне қатысы бар өзге ақпарат.

16.3. Банк қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттарға ие қызметкерлер тізімінің міндетті жүргізілуін қамтамасыз етеді.

16.4. Міндетті хабарламалар, хабарландырулар, сонымен қатар Банктің қызметі туралы ақпарат Банктің корпоративтік ғаламтор сайтында ([www.bta.kz](http://www.bta.kz)) немесе «Қазақстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланады. Банк бұқаралық компания деп танылған жағдайда, Банк Жарғының 16.2 тармағының 1-7 және 9-10 тармақшаларында көрсетілген ақпараттарды аталмыш ғаламтор сайтында жариялауға міндетті.

16.5. Акционердің талабы бойынша Банк оған заңнамамен қарастырылған құжаттардың көшірмесін осындай талап түскен күннен бастап отыз жұмыс күннің ішінде ұсынуға міндетті. Акционер құжаттардың көшірмесін жеке өзі алады немесе пошталық байланыс арқылы Банкпен жіберіледі.

Корпоративтік дау бойынша істерді сотта қарау туралы ақпарат акционерлерге Банкпен корпоративтік даудың азаматтық ісі бойынша тиісті сот хабарламаны (шақыруды) алған күннен бастап жеті жұмыс күннің ішінде ұсынылуы тиіс.

Банктік, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен, Банктің ішкі құжаттарымен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпараттарды қорғау мақсатында аталмыш ақпараттардың ұсынылуына шектеу енгізілуі мүмкін.

#### **17-бап.**

**Банк акционерлеріне және лауазымды тұлғаларына аффилиирленген тұлғалары туралы ақпарат ұсыну тәртібі**

17.1. Банк заңнамасының талаптарына сәйкес Банк өзінің аффилиирленген тұлғаларын есепке алуға міндетті. Осы мақсатта акционерлер, сондай-ақ, Банктің лауазымды тұлғалары аффилиирлік мәртебесі туындаған күннен бастап жеті күннің ішінде Банкке өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті жазбаша нысанда ұсынуы тиіс.

#### **18-бап.**

**Банктің құқықтық мәртебесін өзгерту және қызметін тоқтату**

18.1. Банкті ерікті қайта құру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлек шығу, түрлені) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген тәртіпте уәкілетті органның рұқсатымен Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

18.2. Мәжбүрлі қайта құру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес соттың шешімі бойынша жүргізіледі.

18.3. Банкті тарату:

18.3.1. Банк таратылуы мүмкін:

1) уәкілетті органның рұқсатымен оның акционерлерінің шешімі бойынша (ерікті тарату);

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда, соттың шешімі бойынша (мәжбүрлі тарату).

18.3.2. Банкроттық негіздеме бойынша Банк қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

18.3.3. Банкті тарату процедурасы және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

#### **19-бап.**

**Қорытынды ережелер**

19.1. Акционерлер арасындағы, сонымен қатар акционерлер және Банк арасындағы барлық өзара қарым-қатынастар осы Жарғымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

19.2. Банк қызметіне қатысты Акционерлер, Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма арасындағы түсінбеушіліктер Акционерлердің жалпы жиналысында каралады.

Оларды реттеу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

19.3. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте енгізіледі.

19.4. Егер осы Жарғының қандай да бір ережелері жарамсыз болса, онда ол Жарғының басқа ережелеріне қатысты болмайды.

19.5. Осы Жарғымен қарастырылмаған барлық жағдайларда, Банк өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

19.6. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалды. Осы Жарғының әрбір данасының заңды күші бірдей.

«БТА Банкі» АҚ  
Басқарма Төрағасы



Сәйденов Ә.Ғ.

*Сәйденов А. Бермұхамедов*



## **Статья 1.**

### **Общие положения**

1.1. Настоящий Устав акционерного общества «БТА Банк» (далее – «Банк») разработан в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее – Закон об АО), Законом Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

## **Статья 2.**

**Наименование, место нахождения исполнительного органа (Правления) и срок деятельности Банка.**

2.1. Полное наименование Банка:

- на государственном языке: «БТА Банкі» акционерлік қоғамы;
- на русском языке: Акционерное общество «БТА Банк»;
- на английском языке: Joint Stock Company «BTA Bank».

Сокращенное наименование Банка:

- на государственном языке: «БТА Банкі» АҚ;
- на русском языке: АО «БТА Банк»;
- на английском языке: «BTA Bank» JSC.

2.2. Место нахождения исполнительного органа Банка:

Республика Казахстан, 050051, город Алматы, Медеуский район, микрорайон «Самал-2», ул. Жолдасбекова, 97.

2.3. Банк имеет сеть филиалов и представительств.

2.4. Срок деятельности Банка не ограничен.

## **Статья 3.**

### **Юридический статус Банка**

3.1. Банк является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность на основании законодательства Республики Казахстан, настоящего Устава (далее – «Устав») и внутренних документов Банка.

3.2. Организационно-правовая форма Банка: акционерное общество.

3.3. Банк не несет ответственности по обязательствам государства и акционеров Банка. Государство не несет ответственности по обязательствам Банка и его акционеров. Банк несет ответственность по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом.

3.4. Банк обладает обособленным имуществом, имеет самостоятельный баланс, корреспондентский счет в Национальном Банке Республики Казахстан, печать с указанием своего наименования на государственном и русском языках, а также свой товарный знак (знак обслуживания), зарегистрированный в установленном законом порядке; приобретает и осуществляет от своего имени имущественные и личные неимущественные права и обязанности; выступает истцом и ответчиком в судебных органах и третейском суде, а также осуществляет другие действия, не противоречащие действующему законодательству Республики Казахстан.

3.5. Финансово-хозяйственная деятельность Банка осуществляется на основе имущественной, экономической и финансовой самостоятельности.

3.6. По заявлению Банка уполномоченный орган может признать Банк публичной компанией при соответствии Банка критериям публичной компании, установленным законодательством Республики Казахстан. Банк утрачивает статус публичной компании в случае несоблюдения требований законодательства и несоответствия Банка критериям, установленным для публичных компаний законодательством Республики Казахстан.

#### **Статья 4.**

##### **Цели и предмет деятельности Банка.**

4.1. Основными целями деятельности Банка являются:

- содействие формированию и дальнейшему развитию рыночной экономики в Республике Казахстан;
- осуществление финансовой деятельности, способствующей становлению и развитию различных отраслей и секторов экономики и социальной сферы;
- извлечение доходов и использование их в интересах акционеров;
- осуществление и расширение спектра банковских услуг в соответствии с международными стандартами и законодательством Республики Казахстан.

4.2. Для достижения указанных целей Банк осуществляет банковские и иные операции в соответствии с лицензией Уполномоченного органа по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций (далее – «уполномоченный орган»).

